ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АБАЙ ОБЛЫСЫ
071400, СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ
Қ. МҰХАМЕДХАНОВ КӨШЕСІ, 8 ҮЙ

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012605

№ 910
"16" 09 2026 ж.

Білім беру мекеме басшыларына

Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Сізге «Абай облысының білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК 2026 жылғы 14 қыркүйектегі № 01-01/796 хатына сәйкес, 2026 жылдың 1-12 қазан аралығында Халықаралық жануарларды қорғау күніне арналған «Жануарларға сүйіспеншілікпен» экочелленджі өткізілетінін хабарлайды.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 12 қазанына дейін атқарылған іс-шаралар есебін қосымшада көрсетілген үлгіге сай mariyam016@mail.ru электрондық поштасына жіберулеріңіз сұралады.

Қосымша: 3 бет.

Бөлім басшысының м. а. **А. Нуралдинов**

Орынд. М.М.Хасенова
87075117992

Қосымша

Халықаралық жануарларды қорғау күніне арналған «Жануарларға сүйіспеншілікпен» экочелленджін өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Халықаралық жануарларды қорғау күніне орай жалпы білім беру ұйымдарының 1–11 сынып білім алушылары және «Жасыл клуб» мүшелері арасында өткізілетін «Жануарларға сүйіспеншілікпен» экочелленджінің (бұдан әрі – Экочеллендж) ұйымдастырылуы мен өткізілу тәртібін айқындайды.

1.2. Экочеллендж 2026 жылдың 1–12 қазан аралығында өткізіледі.

1.3. Экочеллендж Қазақстан Республикасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға және жануарлар дүниесін сақтауға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар жүйесі және «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасының негізгі бағыттарын іске асыру аясында ұйымдастырылады.

2. Экочелленджді мақсаты

Білім алушылардың қоршаған ортаға деген танымдық қызығушылығын арттыру, экологиялық білімін, мәдениеті мен жауапкершілігін қалыптастыру, жануарлар дүниесін қорғауға және сақтауға тәрбиелеу.

3. Экочелленджді міндеттері

3.1. Білім алушылардың жануарлар дүниесі, олардың табиғи экожүйедегі орны мен маңызы туралы білімдерін кеңейту.

3.2.Жануарларға жауапкершілікпен және ізгілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

3.3. Жабайы және үй жануарларына қамқорлық жасауға баулу.

3.4. Табиғи ортаны қорғаудың және жануарлар мекендейтін аумақтарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.

3.5. Білім алушылардың экологиялық бастамаларын, еріктілік және әлеуметтік белсенділігін қолдау.

3.6. Жануарлар дүниесін қорғауға бағытталған қоғамдық жауапкершілікті арттыру.

3.7. Табиғатты қорғау мәселелеріне шығармашылық және зерттеушілік тұрғыдан қарауды дамыту.

4. Қатысушылар

4.1. Экочелленджге Абай облысының жалпы білім беру ұйымдарының 5–11 сынып білім алушылары және «Жасыл клуб» мүшелері қатысады.

4.2. Қатысу жеке және топтық форматта жүзеге асырылады.

4.3. Қатысушылар Экочелленджді тақырыбына сәйкес экологиялық, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыра алады.

5. Экочелленджді негізгі бағыттары

Экочеллендж барысында қатысушылар төмендегі бағыттардың бірін немесе бірнешеуін тандай алады:

1) **«Табиғатты қорғайық»**
– орман қорын қорғауға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру;
– су қоймаларының жағалауларын тазарту;
– жануарлардың табиғи мекен ету ортасын сақтауға бағытталған жұмыстар жүргізу.
2) **«Жануарларға қамқорлық»**
– жабайы және үй жануарларына қамқорлық көрсету;
– жануарларға жем беру және қауіпсіз жағдай жасау;
– жануарларға жауапкершілікпен қарауды насихаттау.
3) **«Адам және жануар»**
– жануарлар мен адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас туралы ақпараттық жұмыстар жүргізу;
– жануарларға ізгілікпен қараудың маңыздылығын түсіндіру;
– жауапты қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.
4) **«Жануарлар – табиғаттың ажырамас бөлігі»**
– қоршаған ортаны сақтауда жануарлардың рөлін көрсету;
– экожүйедегі жануарлардың маңызын түсіндіру;
– биоалуантүрлілікті сақтаудың қажеттілігін насихаттау.
5) **«Жануарлар дүниесін қорғайық!»**
– жануарларды сақтау, өсімін молайту және тиімді пайдалану мәселелерін насихаттау;
– сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарларды қорғау туралы ақпарат тарату;
– жануарлар дүниесін қорғауға қоғамды шақыру.

6. Өткізу форматы

6.1. Экочелленджаясында келесі форматтарды пайдалануға болады:
– экологиялық акциялар;
– тазалық жұмыстары;
– жануарларға қамқорлық көрсету акциялары;
– экосағаттар;
– сынып сағаттары;
– танымдық кездесулер мен пікірталастар;
– сурет, плакат, бейнероликтер;
– әлеуметтік желідегі ақпараттық челленджер;
– фотоматериалдар мен фоторепортаждар;
– зерттеу және шығармашылық жұмыстар;
– еріктілік және әлеуметтік жобалар.
6.2. Қатысушылар Экочелленджтақырыбына сәйкес өз бастамалары мен шығармашылық идеяларын ұсына алады.

7. Ақпараттық сүйемелдеу

7.1. Экочелленджбарысында өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты білім беру ұйымдарының әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында жариялау ұсынылады.
7.2. Жарияланымда Экочелленджатауы, өткізілген іс-шараның қысқаша мазмұны және қатысушылар туралы ақпарат көрсетіледі.
7.3. Әлеуметтік желідегі жарияланымдарда:

#ЖануарларғаСүйіспеншілікпен
#ЖасылКлуб
#ТазаҚазақстан хэштегтерін қолдану ұсынылады.

8. Қорытындылау

8.1. Экочеллендж нәтижелері өткізілген іс-шаралардың мазмұны, қатысушылардың белсенділігі және экологиялық маңыздылығы негізінде қорытындыланады.

8.2.Экочелленджге белсенді қатысқан білім алушылар мен «Жасыл клуб» мүшелерінің жұмыстары ақпараттық жарияланымдарда, фото және бейнематериалдарда насихатталуы мүмкін.

8.3.Үздік экологиялық бастамалар мен әлеуметтік жобаларды облыстық деңгейде тарату және тәжірибе алмасу ұсынылады.

9. Күтілетін нәтиже

Экочеллендж нәтижесінде:

– білім алушылардың экологиялық сауаттылығы мен мәдениеті артады;

– жануарлар дүниесін қорғауға деген жауапкершілігі қалыптасады;

– табиғатты аялау және жануарларға ізгілікпен қарау құндылықтары нығаяды;

– білім алушылардың еріктілік және қоғамдық белсенділігі артады;

– жануарлар дүниесін сақтау және биоалуантүрлілікті қорғау туралы түсініктері кеңейеді;

– экологиялық бастамаларды іске асырудың тиімді тәжірибелері қалыптасады.

10. Қорытынды

10.1. Экочелленджді өткізу барысында қауіпсіздік талаптары мен жануарларға ізгілікпен қарау қағидалары қатаң сақталуы тиіс.

10.2. Жануарларға зиян келтіруге, оларды қорқытуға, жарақаттауға немесе табиғи мекен ету ортасына кері әсер ететін әрекеттер жасауға жол берілмейді.

10.3. Экочелленджге қатысу ерікті түрде жүзеге асырылады.

10.4. Осы Ереже Экочеллендждің барлық қатысушылары үшін негізгі ұйымдастырушылық құжат болып табылады.

Есеп үлгісі

Аудан/ қала _____

Жауапты маманның аты-жөні, тел. _____

р/с	мектептің толық атауы	қатысушылардың саны	сапалы фото есеп	сілтемелер тізбесі
Жалпы саны				